

**«Ақмола-«Тіршілік» ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

2022 жыл 27 маусым

Көкшетау қаласы

Директордың 2022 жылғы 01 маусымдағы № 27/д бұйрығы негізінде «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талданатын қызмет кезеңі – 2021 жылғы 01 қарашадан 2022 жылғы 01 маусымға дейін.

Талдау жүргізу кезеңі – 4 жұмыс күні, 2022 жылғы 10-15 маусым.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты – «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жұмыс тобы:

Талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобы кадр мәселелері бойынша құжаттарды, негізгі қызмет бойынша бұйрықтарды, еңбек шарттарын, қызметкерлерге еңбекақы төлеуді, мемлекеттік сатып алуды зерделеді.

1. «Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық және құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша зерделенді:

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451-І «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 «Қазақстан Республикасының заң шығару қызметі туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-ІV Заңы;

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін шешімдерді қабылдауына ықпал ететін ережелер, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіру мүмкіндігін туғызатын құқықтық олқылықтар анықталған жоқ. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы белгіленбеген.



2. «Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша.

1. 01.10.2022 ж. - 01.06.2022 ж. аралығында жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тартылғандар бойынша мәліметтер жоқ.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне осының алдындағы талдау 2021 жылғы 01 мамыр-2021 жылғы 01 қазан аралығында жүргізілді. Осы кезеңде «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Қызметкерлерге қатысты қылмыстық және әкімшілік істер бойынша мәліметтер жоқ.

5. ҚР ҚІЖК 200-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсыныстар енгізілген жоқ.

6. «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері жоқ.

2.1. Персоналды басқару.

«Ақмола-«Тіршілік» ЖШС-де штаттық кестеге сәйкес 48 штаттық бірлік қарастырылған. Мониторинг сәтіндегі жағдай бойынша тізімдік құрамның жалпы саны 38 адам, 3 бала күтімі бойынша демалыста.

Тексерілетін кезеңде тәртіптік жазалар болған жоқ.

01.10.2021 жылдан 01.06.2022 жылға дейін 13 адам қабылданып, 15 адам жұмыстан шығарылды.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

2.2. Негізгі қызметті жүзеге асыру.

1. «Ақмола-Тіршілік» ЖШС өз қызметін Жарғы негізінде жүзеге асырады. Серіктестік қызметінің негізгі түрі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы өндірістік-шаруашылық қызмет болып табылады.

Серіктестік ақпараттық қызметті облыстық «Ақмолинская правда», «Арқа ажары» газеттері арқылы жүзеге асырады.

«Aqmola News» ақпараттық агенттігі 2020 жылдан бастап «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС құрылымдық бөлімі болып табылады. «Aqmola News» АА өңірде болып жатқан оқиғаларды жария етумен, мемлекеттік саясат пен мемлекеттік бағдарламаларды іске асырумен айналысады.

2.3. Мемлекеттік сатып алулар.

1. «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС 01.10.2022 жылдан 01.06.2022 жылға дейінгі кезеңде бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 46 сатып алу өткізілді, оның ішінде: «Конкурс» тәсілімен -2; баға ұсыныстарын сұрату әдісімен-21; тікелей қорытынды жасау арқылы бір көзден-13; өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден-9; мемлекеттік сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуімен-1;

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтарға жол берілмеді.



Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде аффилиирлену және жақын туыстары атқаратын тікелей бағыныштылықтағы лауазымдарға орналасу фактілері анықталған жоқ.

2.4. Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

1. «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері фактісі бойынша анықталған жоқ.

Өтініштерді тіркеу, есепке алу кеңсе және «электрондық өтініштер» ақпараттық-талдау жүйесі арқылы жүргізіледі.

2. Серіктестік қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

3. «Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша мүдделер қақтығысы, қызметкерлердің басшымен немесе оның орынбасарларымен үлестестігі фактілері анықталған жоқ.

4. «Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесіне ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларды басқарма басшысының бұйрығымен бекітілген қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормаларына сәйкес «Ақмола-«Тіршілік» ЖШС-не 5 автомобиль тиесілі. ЖШС балансында 8 автокөлік бар. Автомобильдермен қамтамасыз етудің ауызша нормаларынан 3 бірлік мөлшерінде асып кету анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою (бейтараптандыру) жөніндегі ұсынымдар :

1. Құрылтайшының атына 3 автокөлікті иеліктен шығару туралы өтініш жіберу.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі, мүдделер қақтығысы жоғары аймақтарға жататын қызметке тұрақты ішкі бақылау мен аудитті жүзеге асыру.

3. Ұжымда адал еңбек культін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділікті қалыптастыру.

Директор



Ерғалиев Ж. Е.